

6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша  
(PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған  
«Қазақстан Республикасында бауыр трансплантациясына дейінгі және  
кейінгі науқастарға көмек көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру»  
тақырыбындағы М.О. Досхановтың диссертациялық жұмысына

### **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

Диссертациялық жұмыс циррозы бар науқастарға бауыр трансплантациясын ұйымдастыру бойынша қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті тақырыбына арналған. Бауыр трансплантациясы – бауыр ауруларының терминалды сатысы бар науқастарға арналған радикалды ем, тиімділігі жоғары әрі өміршеңдік көрсеткіші жақсы әдіс. Мақсат Оңалбайұлы Досхановтың жұмысы бауыр трансплантациясымен айналысатын ҚР-дағы және әлемдегі жетекші орталықтардың деректеріне негізделген. Мақсат Оңалбайұлының диссертациясы қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау саласына маңызды нәтижелерді қамтиды. Осы жұмыста мәйіттік және туыстық донорлардан ағза жеткіліксіздігі, бауыр трансплантациясына дейін реципиенттерді ұйымдастыруды бағдарлаудың күрделілігі, тұрғылықты мекенжайы бойынша емханаларда емдеуде сабақтастықтың болмауы, күту парағындағы өлім-жітімнің жоғары көрсеткіші секілді бауыр трансплантациясының барлық маңызды аспектілері мазмұндалды.

Диссертациялық жұмыста Қазақстандағы трансплантологиялық орталықтардың нәтижелері, мультидисциплинарлық топтардың бар-жоғы, медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілуі және т.б. талданды. Трансплантологиялық орталықтарға бауыр трансплантациясын орындау үшін қажетті критерийлер талданды, сондай-ақ мультидисциплинарлық топтың бауыр трансплантациясына дейінгі және одан кейінгі рөлінің маңыздылығы анықталды.

Біздің елімізде бауыр трансплантациясы кейінгі 10 жыл ішінде дамып келеді, осы кезең аралығында бауыр трансплантациясы бірте-бірте бірегей технология саласынан дәстүрлі оталар қатарына еніп жатыр. Алайда осы технологияның дамуымен қатар бауыр трансплантациясын ұйымдастыру бойынша мәселелер де бар. Зерттеу әдістері заманауи, бауыр трансплантациясы кезінде теориялық және практикалық маңызға ие ғылыми деректер мен нәтижелелердің нақтылығы күмән тудырмайды. Қазақстан Республикасында бауыр трансплантациясы бойынша докторлық жұмыстар өте аз, медицинаның бұл саласы жаңадан дамып келе жатқан сала.

Реципиенттерге қолайлы болуы үшін бауыр трансплантациясын ұйымдастыруды жеңілдетуді көздейтін алгоритм әзірленді. Дұрыс тәсілдеме дер кезінде сәтті көмек көрсетуді жүзеге асырудың кепілі. Жұмыстың нәтижелерін бауыр циррозы бар науқастарды емдеумен айналысатын трансплантациялық орталықтардың клиникалық тәжірибесінде пайдалануға кеңес беріледі. Трансплантацияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда, бауыр трансплантациясынан кейін реципиенттердің өмір сапасы жақсарғаны байқалады.

Жоғарыда мазмұндалғанның негізінде, «Қазақстан Республикасында бауыр

трансплантациясына дейінгі және кейінгі науқастарға көмек көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы Досханов Максат Оңалбайұлының диссертациялық жұмысы бауыр трансплантациясын ұйымдастыру жөніндегі өзекті мәселенің шешімін таба алған, толық аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыс деп санаймын. 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған жұмыс медицина ғылымдары бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық.

**«А.Н. Сызғанов ат. ҰҒХО» АҚ**  
Басқарма төрағасы  
медицина ғылымдарының докторы,  
профессор, ҚР ҰҒА академигі



**Баймаханов Б.Б.**



*Заберило Р.Б.*  
*с.ш. О.к. Раисе Садуақас*